



TURAN
UNIVERSITY

**Ministry of Science and Higher Education
of the Republic of Kazakhstan**

**EURASIAN JOURNAL OF CURRENT
RESEARCH IN PSYCHOLOGY
AND PEDAGOGY**

Scientific journal

**ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА САЛАСЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯЛЫҚ ӨЗЕКТІ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖУРНАЛЫ**

Ғылыми журнал

**ЕВРАЗИЙСКИЙ ЖУРНАЛ АКТУАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ
В ОБЛАСТИ ПСИХОЛОГИИ И ПЕДАГОГИКИ**

Научный журнал



**No. 3(4)
2023
Almaty**

Certificate KZ81VPY00058517 dated 07.11.2022
Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan
Committee for Information

Owner: Establishment
Turan University

Released in December 2022.
once in quarter

EDITORIAL BOARD

Editor-in-Chief

Vasko Tatiana Pavlovna – PhD, Associate Professor, Turan University

Deputy Editor-in-Chief

Kasymzhanova Anargul Aliakparovna – Candidate of Psychological Sciences, Professor, Turan University

Responsible Editor

Kurmanbekova Manshuk Berkinovna – PhD, Associate Professor, Turan University

Editor

Zhappar Karlygash Zinilabidinovna – Candidate of Philological Sciences, PhD, Associate Professor, Turan University

Website Editor

Skuratova Irina Mihajlovna

Members of the editorial board

1. Garber Alena Igorevna – Doctor of Psychology, Professor, Germany, Leipzig
2. Natalia Khon – PhD, Turan University
3. Zhienbaeva Nadezhda Bisenovna – Doctor of Pedagogical Sciences, KazNPU named after Abai
4. Perlenbetov Mukhan Atenovich – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kaynar University
5. Tapalova Olga Bisenovna – Candidate of Pedagogical Sciences, KazNPU named after Abai
6. Musikhina Elena Vladimirovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, UIB University
7. Topanova Gulmira Tuyakovna – Candidate of Pedagogical Sciences, KazNPU named after Abai
8. Kudaibergenova Sandugash Kansarovna – Candidate of Psychological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University
9. Kabakova Maira Pobedovna – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor of the Higher Attestation Commission, Al-Farabi Kazakh National University
10. Aimaganbetova Olga Khabizhanovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University
11. Akhtaeva Nadiya Selikhanov – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University
12. Sheryazdanova Khorlan Toktamysovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, KazNWTTU

Scientific editors of sections

1. Psychological and pedagogical research – Mun Maria Vladimirovna, PhD, Turan University
2. Clinical and special psychology – Asimov Marat Abubakrievich, Doctor of Medical Sciences, Professor, Turan University
3. Applied Psychology and Pedagogy – Gulzira Abdullayeva, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Turan University

Turan University owns the exclusive rights to reprint
certain materials, publish and use the journal commercially

© Turan University, 2023

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министірлігі
Ақпарат комитетінің
07.11.2022 ж. KZ81VPY00058517 куәлігі

**Меншіктенуші: «Тұран»
Университеті» мекемесі**

**2022 ж. Желтоқсаннан бастап
тоқсанына бір рет шығады**

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бас редактор

Васько Татьяна Павловна – PhD, «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры

Бас редактордың орынбасары

Касымжанова Анаргүль Алиакпаровна – п.ғ.к., «Тұран» университетінің профессоры

Жауапты редактор

Курманбекова Маншук Беркиновна – PhD, «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры

Редактор

Жаппар Қарлығаш Зинилабидиновна – ф.ғ.к., PhD, «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры

Сайт редакторы

Скуратова Ирина Михайловна

Редакциялық алқа мүшелері

1. Гарбер Алена Игоревна – п.ғ.д., профессор, Германия, Лейпциг қ.
2. Хон Наталья Николаевна – PhD, «Тұран» университеті
3. Жиенбаева Үміт Бисенқызы – п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ
4. Перленбетов Мухан Атенович – п.ғ.д., профессор, «Қайнар» университеті
5. Тапалова Ольга Бисеновна – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ
6. Мусихина Елена Владимировна – п.ғ.д., профессор, UIB университеті
7. Топанова Гүлмира Тұяқызы – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ
8. Кудайбергенова Сандугаш Кансаровна – п.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
9. Кабакова Майра Победовна – п.ғ.к., ЖАК доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
10. Аймаганбетова Ольга Хабижановна – п.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
11. Ахтаева Надия Селихановна – п.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
12. Шерьязданова Хорлан Токтамысовна – п.ғ.д., профессор, КазНЖПУ

Секциялардың ғылыми редакторлары

1. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер – Мун Мария Владимировна, п.ғ.к., «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры
2. Клиникалық және арнайы психология – Асимов Марат Абубакриевич, мед.ғ.д., «Тұран» университетінің профессоры
3. Қолданбалы психология және педагогика – Абдуллаева Гульзира Олжабековна, п.ғ.к., «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры

«Тұран» университетінің жеке материалдарды қайта басуға, журналды басып шығаруға
және коммерциялық пайдалануға айрықша құқығы бар

Свидетельство № KZ81VPY00058517 от 07.11.2022 г.
Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан
Комитет информации

Собственник: учреждение
«Университет «Туран»

Выходит с декабря 2022 г.
один раз в квартал

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Васько Татьяна Павловна – PhD, ассоциированный профессор, университет «Туран»

Зам. главного редактора

Касымжанова Анаргүль Алиакпаровна – к.пс.н., профессор, университет «Туран»

Ответственный редактор

Курманбекова Маншук Беркиновна – PhD, ассоциированный профессор, университет «Туран»

Редактор

Жаппар Карлыгаш Зинилабидиновна – к.ф.н., PhD, ассоциированный профессор, университет «Туран»

Редактор сайта

Скуратова Ирина Михайловна

Члены редакционной коллегии

1. Гарбер Алена Игоревна – д.пс.н., профессор, Германия, г. Лейпциг
2. Хон Наталья Николаевна – PhD, университет «Туран»
3. Жиенбаева Надежда Бисеновна – д.пс.н., КазНПУ им. Абая
4. Перленбетов Мухан Атенович – д.пс.н., профессор, университет «Кайнар»
5. Тапалова Ольга Бисеновна – к.пс.н., КазНПУ им. Абая
6. Мусихина Елена Владимировна – д.п.н., профессор, университет UIB
7. Топанова Гульмира Туяковна – к.пс.н., КазНПУ им. Абая
8. Кудайбергенова Сандугаш Кансаровна – к.пс.н., КазНУ им. аль-Фараби
9. Кабакова Майра Победовна – к.пс.н., доцент ВАК, КазНУ им. аль-Фараби
10. Аймаганбетова Ольга Хабижановна – д.пс.н., профессор, КазНУ им. аль-Фараби
11. Ахтаева Надия Селихановна – д.пс.н., профессор, КазНУ им. аль-Фараби
12. Шерьязданова Хорлан Токтамысовна – д.пс.н., профессор, КазНЖПУ

Научные редакторы секций

1. Психолого-педагогические исследования – Мун Мария Владимировна, к.пс.н., университет «Туран»
2. Клиническая и специальная психология – Асимов Марат Абубакриевич, д.мед.н., профессор, университет «Туран»
3. Прикладная психология и педагогика – Абдуллаева Гульзира Олжабековна, к.п.н., ассоциированный профессор, университет «Туран»

Университету «Туран» принадлежат исключительные права на перепечатку
отдельных материалов, издание и коммерческое использование журнала

© Университет «Туран», 2023

IN THE ISSUE

1 PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL RESEARCH

Yermentayeva A.R.

Psychological predictors of asubjectivity 7

Andriyanov Y., Duplyakin YE.B., Rogalyova L.N.

The relationship between psychological traits
and long-distance travel 15

2 CLINICAL AND SPECIAL PSYCHOLOGY

Amanova I., Amanova M.

The psychological readiness of the educators for inclusive education
at universities of Kazakhstan 21

Duisaliyeva G.M., Mun M.V.

The impact of classical music on a person's emotional states 30

3 APPLIED PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY

Mustafayeva L.Y., Shikhova O.M., Strelnikova S.V.

Eating disorders that lead to overweight
and obesity in women 40

НӨМІРДЕ. В НОМЕРЕ

**1 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР
ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ**

Ерментаева А.Р.

Бейсубъектіліктің психологиялық предикторлары 7

Андрьянов Я.А., Дуплякин Е.Б., Рогалева Л.Н.

Взаимосвязь между психологическими особенностями
и длительными путешествиями 15

**2 КЛИНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯ
КЛИНИЧЕСКАЯ И СПЕЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ**

Amanova I., Amanova M.

The psychological readiness of the educators for inclusive education
at universities of Kazakhstan 21

Дуйсалиева Г.М., Мун М.В.

Воздействие классической музыки на эмоциональные состояния человека 30

**3 ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА
ПРИКЛАДНАЯ ПСИХОЛОГИЯ И ПЕДАГОГИКА**

Мустафаева Л.Ю., Шихова М., Стрельникова С.В.

Нарушения пищевого поведения, приводящие к избыточному весу
и ожирению у женщин 40

1 PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL RESEARCH

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

FTAXP 15.01.11

ӘОЖ 159.99

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2023-1-3-7-14>**А.Р. ЕРМЕНТАЕВА,*¹**

пс.ғ.д., профессор.

*e-mail: a.ermentayeva@turana.edu.kz

ORCID ID 0000-0002-6860-384X

¹«Туран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

БЕЙСУБЪЕКТІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРЕДИКТОРЛАРЫ**Андатпа**

Мақалада субъектілік психологиясы негізінде бейсубъектілік мәселесі метажүйелік тұрғыдан қарастырылған. Осыған байланысты психологиялық анықтауыштар, факторлар, интерпретациялық мазмұн жеке жүйешелер ретінде өзара байланысып, әрі өзгешеленіп, бейсубъектілік феномені түсіндіріледі. Теориялық талдау нәтижесінде субъектілік пен бейсубъектілік ұғымдарының интегралды тұлғалық құрылым екендігі көрсетілген. Сондай-ақ олардың полярлық сипаты анықталған. Бейсубъектілікті зерттеудің мүмкіндіктері ретінде негізгі жағымсыз тұлғалық сипаттар тағайындалған. Бейсубъектілік феноменологиясындағы клиникалық емес жағымсыз тұлғалық сипаттар, олардың көпжақтылығы басқа адамдарға ғана емес, тұлғаның өз өміріне, іс-әрекет пен қарым-қатынас салаларына зардапты ықпалы қорытылған. Бейсубъектіліктің барша психологиялық предикторлары тұлғаның жалпыланған диспозициялық сапаларымен сипатталған. Теориялық талдау бойынша бейсубъектіліктегі барлық симптомокомплексер өзара байланысты болатыны; онда тұлғаның арамзалығы, асқан цинизмге бейімділігі басты орынға ие болатыны тұжырымдалған. Бейсубъектілік феноменінің әлеуметті-психологиялық проблемалары субъектілік психология шегінде ғана шешіле алатыны дәйектелген. Теориялық зерттеу қорытындылары тұжырымдалып, осы өрістегі болашақ зерттеулердің нобайы ұсынылған. Бейсубъектіліктің психологиялық предикторларының концепциялануы клиникалық психикалық ауытқулардың алдын алуда, түзетуде теориялық-әдіснамалық негіз болады.

Тірек сөздер: бейсубъектілік, субъект, субъектілік, тұлға, көлеңкелі сипаттар, тұлғалық диспозиция.

Кіріспе

Біз қазір әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлардың қарқынды өзгерістері заманында өмір сүрудеміз. Қоғамда бір жағынан барынша өндірісті арттыру, екіншіден, адами капиталдың маңыздылығы алға шықты. Бұл өмірде, ғылымда индустриялық және гуманистік парадигмалардың қабаттасу ерекшелігін сипаттайды. Осыған орай терең білімділік пен жоғары деңгейдегі интеллектуалдылыққа талаптардың арта түсуі тұлғалық қасиеттердің заманға сай дамуымен шарттасады. Мұнда адамдар, топтар, тіпті мемлекет тарапынан тұлғаның субъект ретіндегі ұстанымы күн тәртібінде өткір де қатаң қойылуда.

Адамды өмір, іс-әрекет, қарым-қатынас процестерінің субъектісі ретінде психологиялық зерттеу ғылымдағы түрлі теорияларды ықпалдастыратын тұрғы дәрежесінде анықталып, өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан теориялық-әдіснамалық негізге айнала бастады. Субъект талдамасы психология ғылымдарының бірлігін орнататын, сондай-ақ, психологияны жаратылыстану және гуманитарлық тарамдарға, жікке бөлінуін жеңуге мүмкіндік беретін жол ретінде аса жоғары дәріптеледі [1, 94 б.].

К.А. Абульханова тұлғаның үнемі субъект дәрежесіне жету үшін қозғалыста болатынын түсіндіреді. Ол «... 10 кез-келген тұлғаның іс-әрекет субъектісі бола алмайтындығын»

жазады [2, 63 б.]. Бұдан кейінгі пайым тіптен де қисынды: «Субъект – кемелге жету шыңы емес, тек оны бетке ұстап, қозғалу деген жалпы анықтамаға сәйкес әрбір тұлғаның субъект ретінде қалыптаса бастауының әр шамада болатыны туралы айтқан жөн» [2, 65 б.].

Әрине тұлғаның жасы, білімі, әлеуметтену ортасы, діні, ділі оның сипаттамаларына, субъектілік ұстанымына әсер етеді. Осы тұрғыдан қандай болса да, субъект – кемел, әлеуметтік бағдарланған тұлға.

Алайда, ғылымда да, практикада да депривациялық мінез-құлықпен ерекшеленетін, мысалы, қылмыскерге де «субъект» ұғымы тіркеледі.

Біз белсенділік, дербестік, бастамашылық сынды субъект қасиеттері ешқашан психологиялық парасаттылығы төмен, рухани-адамгершілік құндылықтарды қабылдамаған, ізгіліктік ұстанымы жетілмеген адамдарда біртұтас болып ұйыспайды деп санаймыз.

Мұнда тек субъект функцияларының кейбір жеке-дара тұстарына ғана екпін түседі де, олар адамның жан-дүниесінен, тұлғалық сапаларынан, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысынан жоталанып, біржақты, яғни адамның өзі үшін ғана мәнді қасиет немесе әдет сияқты ерекше көрінеді. Бұл жағдайда кейбір жеке психологиялық құбылыстардың үстем ықпалы орын алып, адам өмірін өзінің кереғар, адамилықтан аулақ мазмұнына бағынышты етіп қояды. Маниакалдық жағдайларды, түрлі фобияларды, клептоманиялықты, зомбилық құбылысты, агрессия мен девианттылық формаларын, гемблинг тәуелділікті, эгоистік қатынастарды т.с.с. осыған барынша көрнекі мысал болады деп танымыз. Басындағы мұндай ауытқушылық болған жағдайда адамның өз-өзіне еркі жүрмей, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау мүмкіндіктері жоғалып, тәуелді кейіпте күй кешеді. Осындай біржақты, тұтастығы жоқ, адами тұрпатқа жат, ауытқуға ұшыраған белсенділік, дербестік, бастамашылық қасиеттерді субъектілік ерекшеліктің бір түрі дегенше бейсубъектілік деп атап, анықтаған жөн сияқты. Сондай-ақ ақкөңілдік, мейірімділік, ізгілік, білімділік жоталы болғанымен, өзінің «Мен» бейнесін идеалды деп қабылдайтын кейбір адамдағы тұлғалық деформациялар да бейсубъектілік құбылыс деп санаймыз. Олай болса, толымды субъект өз тіршілігінде, іс-әрекетінде, қарым-қатынасында мөлшер, шектілік қағидасын басшылыққа алуға әлеуетті болады.

Әдебиеттерге жасалған талдау негізінде тұлғаның жағымсыз факторларын бейсубъектіліктің психологиялық, психотерикалық анықтауыштары әрі предикторлары ретінде қарастыруға болады. Осы ұстаным негізінде зерттеу психология ғылымдарында тұңғыш рет қойылғанын ескерсек, бейсубъектіліктің аверсивті-психологиялық предикторларын жалпылап, оларды нақтылау, талдау өзекті мәселе болады.

Зерттеу объектісіне бейсубъектілік феномені алынды.

Ал, субъектіліктің көлеңкелі тұстары бейсубъектіліктің психологиялық предикторлары ретінде зерттеу пәнін анықтайды.

Зерттеу мақсаты – психологиялық предикторлары бойынша бейсубъектілік феноменін концептуализациялау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде жаңа ілім-ғылым ең алдымен теориялық болжамдап, тұжырымдаумен анықталады. Зерттеу объектісі мен пәніне орай психологиялық концепциялар, теориялар, эксперименттік әдіснамалар мен мәліметтер зерттеу материалдары болады.

Зерттеу тақырыбы мен мақсатына байланысты субъект және бейсубъектілік материалдарын, «Көлеңкелі триада», садизм бойынша теориялық және эмпирикалық мәліметтерді талдау, жинақтау, нақтылау, жалпылау зерттеу әдістері ретінде қолданылады.

Негізгі ережелер

К.А. Абульханова іс-әрекет субъектісі бола алған тұлғаның сапалық өзгерістерін қарастырып, адам бойында өтетін трансформациялардың үшеуін ажыратады. Біріншіден, барлық психика формалары (психикалық процестер, қасиеттер, қабілет, кейіп) тұлғаның өмірдегі тірлігі мен іс-әрекетін қамтамасыз ету құралы ретінде қолданылады. Екіншіден, барлық 12 психикалық құбылыс тұлғаның іс-әрекетіне бағынышты болатын даралықтың композициясын құрайды.

Үшіншіден, тұлға субъект болған соң бойындағы өз шамасына, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарамастан өмірдегі және іс-әрекеттегі өз стратегияларына арқалана бастайды. Міне, сондықтан, өмір сүру мағынасынан айырылып қалған адам өзінің ерік-күшін, зерде-зиятын, қабілеттерін іс-әрекет пен өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолдана алмайды [2, 68 б.].

Сонда, өзгерту, түрлендіру іс-әрекетінің аясын субъект өзі таңдап, өзі тағайындайды және қоғамдағы моральға тіректеліп, өз субъектілігінің салдарын бағалайды. Ұлттық сана-сезімінен, жалпыадамзаттық мәдениеттен, тіршілік әрекетінен, өзара әрекеттестік пен өзара қатынас саласынан, бейбіт өмірді құндылық ретінде қарастыруынан, этикалық нормаларынан, стандарттары мен атрибуттарынан дүниеге, табиғатқа, қоғамға, мәдениетке, адамға, өзіне ықпал етудің ізгілікті, рухани негізінен қазақ халқының психологиясында өлшемді білу қабілеті, рухани ұстанымды жоғары қою айқын аңғарылады. Біздің тәжірибеде бейсубъектілік орын алса, өркештене біткен жеке-дара субъектілік қасиеттерді біртекті тарата дамыту, оларды біртұтас құрылым ретінде күшейту мақсаты алға қойылатын арнайы субъект – бағдарлы психологиялық көмек беру қажеттігін көрсетті [3].

Психология ғылымдарында әлеуметтік орта нормаларына жат, оларға қарама-қайшы, басқаларға зиянды, қоғамда жалпыадамзаттық қағидаларға сәйкес келмейтін мінез-құлық, қарым-қатынасы, қылықтары тұрақталған адам «аверсивті мінез-құлық» немесе «аверсивті тұлға» деп аталады [4]. Бейсубъектіліктің ерекшеліктері аверсивті мінез-құлықпен анықталады.

Ал, қазіргі кезде тұлғаны аверсивті негативизмдерді интегралдап, сипаттайтын эмпирикалық зерттеулер пайда болды. Бұл жағымсыз тұлғалық сипат типтері қазіргі әлеуметтік ортада көптеген заң бұзушылықтардың негізі, қоғам мен адамзаттың дамуына кедергі болады.

Әдебиетке шолу

Теориялық және эмпирикалық зерттеулер арқылы пайда болған ғылымдағы әледеқайда жаңа сала – субъект психологиясы. Ол С.Л. Рубинштейннің адам баласы болмысты және өзін саналылықпен құрауға, өзгертуге, түрлендіруге қабілетті болатыны жайлы басты идеяның негізінде пайда болған.

Мұнда постулаттық тұжырым жасалған: адам субъект болып дүниеге келмейді, субъект болып дамып, жетіледі. Субъект өзі жүзеге асыратын іс-әрекет нәтижесінде өзгереді, дамып, жетіледі. Тұлғаның өзіне субъект екендігін басқалар тарапынан жететін кері байланыс білдіреді. Сондықтан іс-әрекетпен бірге қарым-қатынастың да тұлға субъектілігін анықтаудағы маңызы аса зор. Тұлға қарым-қатынас процесінің субъектісі ретінде әртүрлі жақтарынан Г.М. Андреева, М.М. Бахтин, Э. Берн, В.С. Библер, А.А. Бодалев, Дж. Мид, А.В. Петровский, Х.Т. Шерьяданова, А.У. Хараш және т.б. ғылыми жұмыстарында зерттеледі. Демек субъект тұрғысынан өзара ақпарат алмасу, өзара әрекеттесу, өзара қатынас жасау салалары талданады.

Сондықтан біздің зерттеу жұмысымызда субъектінің әлеуметтік сипатына маңыз беріледі.

Жалпы, түрлендіруші әрекетті жүзеге асыру арқылы адам бір мезгілде әрі субъект, әрі объект ретінде болады. Адам және әлем бірлігі жайлы шығыстық парадигмаға сәйкес көзқарастар тұрғысынан субъект объектіге қарама-қарсы мән-мазмұнға ие болмақ емес. Дегенмен адам болмыстың «біте қайнасқан» жанды бір бөлігі бола тұра оның жекеленген дербес бөлігі ретінде де сипатталады. Бұл индивидтің ортамен өзара байланыс жасауын құндылық ретінде аңғаруы; ортаның адамзат үшін мән-мағынасын түсінуі; оны құдіретті сый ретінде қабылдап және жасампаздықпен түрлендіріп, игеруі; өзін сыртқы дүниемен, әлеммен байланыста қарастырып, онымен теңестіруі арқылы шешіледі. Сонда, шығыстық парадигма бойынша адамның сыртқы органы өзгерту, түрлендіру әрекеттеріне ізгілікті, рухани ұстаным тән. Оған қоса, адамның субъект ретінде болмысқа ықпал етуі бір сәтте өз-өзін өзгертуге, дамытуға деген құнды қатынас танытуымен ажырамастай қатар тұрады. Осы орайда шығыстық парадигмаға сәйкес субъект іс-әрекеті руханилықты толымды анықтайды. В.П. Зинченко да адамның субъект ретінде өзін және әлемді, ондағы өз орнын тануға өзгертуші, түрлендіруші іс-әрекетін, тәжірибесін, ізденушілігін руханилық деп дәйектеген [5, 275 б.].

Рухани-тәжірибелік іс-әрекет субъект жететін айрықша деңгей болады. Бұл түсініктеме субъект ретінде дамудың ізгіліктік, руханилық бағытын тағайындайды. К.А. Абульханова бойынша тұлға субъект ретінде ғана кісіліктің, әдептіліктің оңтайлы даму деңгейіне жете алады.

Қай жағынан қарастырсақ та субъект тұлға ретінде құрылымдық сипатпен ерекшеленеді. Олай болса, субъектінің жоғары деңгейін адамгершілік қасиеттердің танылуымен және дамуымен анықтаймыз.

В.В. Знаков та субъектілікті адамның өз қылықтарын саналы аңғаруға және өз әрекеттері үшін жауапкершілікті ерікті түрде, рухани-адамгершілік тұрғысынан өз мойнына алуға мүмкіндік беретін тұлға сипаттары арқылы анықтайды. Оның ұстанымынша, басқалармен өзара әрекеттестікте саналы, рухани сенім негізіндегі тәсілдерді қолдануға дербес шешім қабылдай алатын ерікті адамды ғана субъект деп атау қажет.

Олай болса, субъект – тұлғалық қасиеттермен сипатталатын мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың, психикалық процестердің бірегей үлгісі. Сондай-ақ, субъектілік – сыртқы орта әсеріне тұлғаның жауабы.

Дегенмен психологияда соңғы жылдары тұлға болмысындағы, яғни субъект профиліндегі көлеңкелі аверсивті-психологиялық тұстар да айқындалып, қарастырылуда. Қандай болмасын жағымсыз қасиеттер мен мінез-құлық типтері субъект деңгейіне қарама-қарсы болады. Бұл негативті психоэлеметтік мінез-құлықпен сипатталатын бейсубъектілік феномені.

Психологияда тұлғаның жағымсыз жақтары ертеден зерттеліп келеді.

XX-ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап тұлғаның жалпыланған диспозициялық сипаттары мен бес факторлы моделі талданып, олар алты факторлы модельді түрге енгізілді [6].

Тұлғаның диспозициялық сипаттар негізіндегі алты факторлы моделі «HEXACO», – деп аталады. Мұндағы факторларға адалдық / қарапайымдылық (Honesty, Humility), эмоциялық (Emotionality), экстраверсия (Extraversion), кеңпейілдік (Agreeableness), саналылық, жауаптылық (Conscientiousness), тәжірибеге ашықтық (Openness) жатады. HEXACO-ның алғашқысы моральдық негіздегі мінез-құлықты білдіреді. Басқа бес факторға «Үлкен бестікпен» мазмұндық қиылысу тән. Осы факторларға қарама-қарсы полюстер жалпыға бірдей норманы, басқалардың ұстанымдарын ескермеумен сипатталады.

Кейіннен дифференциалды және клиникалық психологиялардың байланысында тұлғалық ауытқуларды зерттеу үшін диенсиналдық тұрғы қажет болды. Сондай пәнаралық байланыстан клиникалық жағдайды анықтау үшін тұлға саласындағы диенсиналды 5-факторлы құрылымдық ауытқу (DSM-V) нұсқасы дайындалған.

Сонымен қатар, тұлға мінез-құлқындағы патологияның психологиялық диагностикасы PID-5 (The Personality Inventory for DSM-5), яғни бес факторлық негіз арқылы жасалады. Мұнда тұлғалық саладағы ауытқуды сандық талдау басшылыққа алынған. Эмоциялық лабильділік, персеверация, мазасыздыққа бейімділік, шекті ғана эмоциялық, өшпенділік, қауіп-қатерді сезінбеу, бағыныштылық сияқты жақтармен Жағымсыз эмоциялық құрылым ретінде жинақталады. Жатсыну (бөтенсу) факторы бөлектену, ангедония, депрессиялық, жақындықтан қашқалақтау, секемшілдік фасеткалары арқылы анықталады. Манипуляция жасауға және алдауға бейімділік, асқандық сезімі, басқалардың назарын аударуға тырысу, қатандық Антогонизм факторын сипаттайды. Жеңілтектік факторының негізінде тұлғаның мінез-құлқындағы жауапсыздық, импульсивтілік, ригидті перфекционизм, тұрақсыздық, тәуекелге бейімділік ашылады. Психотизм құрылымы басқадан бөлек көзқарас, эксцентризм, перцепциялық реттеудегі ауытқулар сияқты көрсеткіштерден жасалған. Бұл 5 фактор қалыпты тұлғаның құрылымдарының қарама-қарсы полюстері ретінде қарастырылады.

Алғаш рет 2002 ж. Делрой Л. Паулхус пен Кевин М. Уильямс адам баласының әлеуметтік ортаға, қоғамға зиянды ерекшеліктерін ажыратып, үш топқа жіктеп, «Көлеңкелі триаданы» тұжырымдаған. Мұнда тұлғаның макиавеллизм, субклиникалық нарциссизм және субклиникалық психопатия типтері анықталған [7].

Психологияда 1995 ж. Дж. МакХоски зерттеулерінде макиавеллизм, субклиникалық нарциссизм және субклиникалық психопатия арасында өзара байланыс нақтыланып, тағайындалған [8]. Дегенмен олардың әрқайсысы белгілі бір дәрежеде тұлғаның әлеуметтік ортада өзімшілдігін, манипуляция жасауға бейімділігін, басқалардың әлеуметтік-психологиялық мәселелерін сезіне алмауын, қарым-қатынаста жалғандығын танытады. Сондықтан тұлғаның жағымсыз типтерінің концептуалды негіздері әр түрлі болғанмен, эмпирикалық жағынан ықпалдастықтары жоғары тұлғалық айнымалылар ретінде қарастырылады.

Ал қазіргі кезде жүздеген зерттеулерде әртүрлі аверсивті, қоғамдағы моральға, этикаға жат, кекшіл-зиянкестік мінез-құлықтың көлеңкелі триадамен тығыз байланысы белгілі болған [9–12 т.б.]. Сонда тұлғаның көлеңкелі триадасы адам баласының өзіне де, айналасына да зиянды мінез-құлықты анықтайды.

Осыған байланысты «Көлеңкелі триаданың» типтері тұтас бір жиынтық ретінде өзара түрліше байланысып, тұжырымдалса да, түпнегіздерінде бейсубъектіліктің аверсивтілік сипаты – жоғары деңгейдегі арамзалықпен, яғни аса төмен дәрежедегі адамгершілік қасиетпен анықталады.

Нәтижелер мен талқылау

К.А. Абульханованың анықтауы бойынша субъект үйлесімді, өзін-өзі жүзеге асыратын, иерархиялық дамуда биік бір белеске жеткен тұлға болады. Құнды қатынастар арқылы анықталатын субъектілік өзіндік даму арқылы ұдайы жетіледі. Мұнда рухани-адамгершілік қасиеттерді қабылдау, өз бойында дамытуда тұлғаның субъектілік ұстанымының өзекті болуына байланысты екені сөзсіз. Біздің еңбектерде тұлғаның субъектілік сипаттамасын кеңірек ашу үшін В.С. Мерлин мектебіндегі ықпалдасқан жеке-даралықты зерттеу қарастырылады. Онда ықпалдасқан жеке-даралық ағзаның қасиеттерінен (биохимиялық, морфологиялық, нейродинамикалық), индивидуум параметрлерінен (психодинамикалық), таным процестерінің ерекшеліктерінен және метадаралық сипаттамаларынан жинақталған көпөлшемді құрылым ретінде сипатталады.

Ал, XIX ғасырдың ортасында оқу және кәсіби іс-әрекетін, қарым-қатынас салаларына бейнеленетін тұлғаның бірқатар жағымсыз сипаттары психиатрияның зерттеу пәні, яғни психикалық ауру белгісі ретінде қарастырылған. Бірақ, кейіндеу жағымсыз, көлеңкелі тұстары психикалық ауруға шектелген тұлға мінезіндегі патологиялар, негативтер ретінде қарастырылады.

Әдебиетте бейсубъектілік адам баласының тіршілік әрекетін, жеке басын танытатын бірнеше әлеуметтік-психологиялық анықтауыштарды аңғартады:

- ◆ әлеуметтену жағдайы;
- ◆ микросоциумдағы эмоциялық дефицит;
- ◆ тұлғада кінә, күнә сезімдерінің болмауы;
- ◆ өмірлік құндылықтардың құрылымы;
- ◆ психологиялық және моральдық дамудың бағыты;
- ◆ таным, ақыл-парасат, интеллект деңгейлері;
- ◆ академиялық және кәсіби жетістіктері;
- ◆ жеңілтек көзқарас;
- ◆ басқаларды алдап-сулау қылықтары;
- ◆ жағымпаздықпен өмір сүру;
- ◆ буллингке, троллингке бейімділік;
- ◆ авторитарлық ұстаным;
- ◆ әлеуметтік басымдық;
- ◆ пара беруге бейімділік пен пара алуға құмарлық;
- ◆ гипербәсекелестік;
- ◆ кекшілдік;
- ◆ деструктивті мансап т.с.с.

Арамзалық сипаттармен, аверсивті мінез-құлықпен анықталатын бейсубъектілік отбасылық қатынастан бастап, бала тәрбиесінде, кәсіби салада, қоғамдық қатынастарда залалды психологиялық фактор болатыны белгілі.

Әдебиеттен, өмірден бейсубъектіліктің кейбір әлеуметтік-психологиялық анықтауыштары қоғамдағы менталитетке байланысты асыра ұлықталатыны да белгілі [13–14 т.б.]. Мысалы, қазіргі кезде эгоизм негізіндегі белсенділік «пысықтық»; қарым-қатынастағы мәдениеттің төмендігін көрсететін озбырлықты, антиэтикалық жағдайды «батылдық, өжеттік»; өзін-өзі реттей алмайтын эмоциялық импульсивтілікті «ашықтық»; талғамсыз дүниеқоңыздықты

«мықтылық»; өз ресурсын танымай, өзіндік сана-сезімнің төмендігін «елден қалмайды» деп бұрмалап қабылдау мен бағалау жиі кездеседі.

Мәселеге қатысты еңбектерді қарастырып, талдағанда субъект құрылымына атрибутивтік қасиеттер – белсенділік, біртұтастық және дербестік қасиеттері кіргізілетіні белгілі болды. Ал субъектіге биік рух, адамгершілік, ізгілік қасиеттері тән болатынын (С.Л. Рубинштейн, А.В. Брушлинский, К.А. Абульханова және т.б.) ескерсек, субъектілік қасиеттері толық болады.

Сонымен қатар психологиялық зерттеулердегі басқа адамды сөзбен, әрекетпен қорлау, діни фанатизм, садизм, бейморальдық, консерватизм, т.с.с. мазмұны мен танылуы бойынша бейсубъектіліктің психологиялық предикторлары болады.

Біздің анықтама бойынша субъект өзіне және өзгелерге құнды қатынас жасаушы ретінде анықталады. Ал, енді осы субъект деңгейіндегі тұлғаның да бейсубъектілік танытуы ықтимал. Егер субъект психологиялық парасаттылық таныта алмай, өзінің жақын адамдарының қажеттіліктерін есепке алмай, басқа адамға аса жоғары деңгейде жауапкершілік, аккөңілдік, батылдық танытса бұл шекті тұлғалық жағдайды сипаттайды.

Олай болса, әдебиетке жасалған талдаудан субъектілік пен бейсубъектілік феномендерін зерттеуде «тұлғаның қалыпты сипаттары мен патологиялық ауытқуларының арасындағы құрылымдық континуумды» [15, 6 б.] ескеру қажеттігі белгілі болды.

Қорытынды

Анықтамалары, анықтауыштары, факторлары, интерпретациялық негіздері бойынша субъектіліктің және бейсубъектіліктің психологиялық предикторлары өзара полярлы тұлғалық сипаттар болатынын көрсетеді.

Бейсубъектілік феноменологиясындағы клиникалық емес жағымсыз тұлғалық сипаттар, олардың көпжақтылығы басқа адамдарға ғана емес, тұлғаның өз өміріне, іс-әрекет пен қарым-қатынас салаларына зардабын тигізеді.

Бейсубъектіліктің барлық симптомокомплекстері өзара байланысты.

Теориялық талдау бойынша бейсубъектіліктегі барлық субклиникалық тұлғалық жақтарды ықпалдастыруда тұлғаның арамзалығы, асқан цинизмге бейімділігі ерекше орын алады деп қарастырамыз.

Бейсубъектіліктің барша психологиялық предикторлары тұлғаның жалпыланған диспозициялық сапаларымен түсіндіріледі.

Дегенмен бейсубъектіліктің әрбір сипатына дербестік, ерекшелік және кешенділік тән, күрделі құрылым болады.

Бейсубъектілік феноменіне субъект психологиясы ғана қарсы тұра алады. Тұлғаның субъект ретінде өзіне және өзгелерге құнды қатынаспен қарап, өзіндік сана-сезімінің, өзіндік танымының артуына психологиялық мәдениет биігіндегі ерекше қасиет психологиялық парасаттылық қана жеткізеді деп санаймыз.

Келешекте студенттердегі бейсубъектіліктің психологиялық предикторларындағы ерекшеліктерді эмпирикалық зерттеу тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Брушлинский А.В. Деятельностный подход и психологическая наука // Вопросы философии. – 2001. – № 2. – С. 89–95.
- 2 Абульханова К.А. Мировоззренческий смысл и научное значение категории субъекта // Российский менталитет: вопросы психологической теории и практики. – М.: ИПРАН, 1997. – С. 56–75.
- 3 Ерментаева А.Р. Субъектілік даму психологиясы. – Нұр-Сұлтан: ЖҚС «Идеал ИС 2009», 2019. – 262 б.
- 4 Kowalski R.M. (Ed.). Behaving badly: Aversive behaviors in interpersonal relationships. American Psychological Association. 2001. URL: <https://doi.org/10.1037/10365-000>
- 5 Зинченко В.П., Моргунов Е.Б. Человек развивающийся. Очерки российской психологии. – М., 1994. – 304 с.
- 6 Ashton M.C., Lee K. Empirical, theoretical, and practical advantages of the HEXACO model of personality structure // Personality and Social Psychology Review. 2007. No. 11. P. 150–166.

- 7 Paulhus L. Delroy, Williams M. Kevin. The Dark Triad of personality: Narcissism, Machiavellianism, and psychopathy // *Journal of Research in Personality*. 2002. Vol. 36. Issue 6. P. 556–563. URL: [https://doi.org/10.1016/S0092-6566\(02\)00505-6](https://doi.org/10.1016/S0092-6566(02)00505-6).
- 8 McHoskey J. Machiavellianism and personality dysfunction // *Person, and Individ. Diff.* 2001. Vol. 31. No. 5. P. 791–798.
- 9 Maffly-Kipp J., Truong T.N., Edens J.F., Vess M. Dark triad traits are associated with a weaker morally-good true self bias in self-perceptions // *Self and Identity*. 2023. Vol. 22.
- 10 Sulak-Güzey S., Akdoğan-Yıldız E., Demir M.C. Measurement invariance of the dark triad scale. *Curr Psychol*. 2023. Vol. 22. URL: <https://doi.org/10.1007/s12144-023-04259-z>.
- 11 Dill A.T., Triki A., Westin S. Towards an Understanding of the Dark Triad, Ethical Fading, and Ethicality of Behavior // Karim K.E. (Ed.) *Advances in Accounting Behavioral Research*. *Advances in Accounting Behavioural Research*. Emerald Publishing Limited. Bingley. 2022. Vol. 25. P. 1–29. URL: <https://doi.org/10.1108/S1475-148820220000025001>.
- 12 De Bruin R., Finkelstein L.M. Reactions from the Dark Side: How Does the Dark Tetrad Affect Responses to Daily Abusive Supervision Today and Tomorrow? // *The Journal of Psychology*. 2023.
- 13 Furnham A., Richards S., Paulhus D. The Dark Triad: A 10 year review // *Social and Personality Psychology Compass*. 2013. Vol.7. No. 3. P. 199–215.
- 14 Zeigler-Hill V., Marcus D.K. *The Dark Side of Personality: Science and Practice in Social, Personality, and Clinical Psychology*. Washington DC. APA. 2016. 389 p.
- 15 Aluja A., Martí-Guiu M., Blanco E., Blanch A. Dimensional assessment of normal and abnormal personality in adults of the general population: Comparison of «five» and «alternative five» personality models // *Personality and Individual Differences*. 2016. Vol. 89. P. 6–12.

REFERENCES

- 1 Brushlinskij A.V. (2001) Dejatel'nostnyj podhod i psihologicheskaja nauka // *Voprosy filosofii*. No. 2. P. 89–95. (In Russian).
- 2 Abul'hanova K.A. (1997) Mirovozzrencheskij smysl i nauchnoe znachenie kategorii sub#ekta // *Rossijskij mentalitet: voprosy psihologicheskoy teorii i praktiki*. M.: IPRAN. P. 56–75. (In Russian).
- 3 Ermentaeva A.R. Subektilik damu psihologiasy. Nūr-Sūltan: JQS «İdeal İS 2009», 2019. 262 p. (In Kazakh).
- 4 Kowalski R.M. (Ed.). (2001) *Behaving badly: Aversive behaviors in interpersonal relationships*. American Psychological Association. URL: <https://doi.org/10.1037/10365-000>. (In English).
- 5 Zinchenko V.P., Morgunov E.B. (1994) *Chelovek razvivajushhij*. Ocherki rossijskoj psihologii. M., 304 p. (In Russian).
- 6 Ashton M.C., Lee K. (2007) Empirical, theoretical, and practical advantages of the HEXACO model of personality structure // *Personality and Social Psychology Review*. No. 11. P. 150–166. (In English).
- 7 Paulhus L. Delroy, Williams M. Kevin. (2002) The Dark Triad of personality: Narcissism, Machiavellianism, and psychopathy // *Journal of Research in Personality*. Vol. 36. Issue 6. P. 556–563. URL: [https://doi.org/10.1016/S0092-6566\(02\)00505-6](https://doi.org/10.1016/S0092-6566(02)00505-6). (In English).
- 8 McHoskey J. (2001) Machiavellianism and personality dysfunction // *Person, and Individ. Diff.* Vol. 31. No. 5. P. 791–798. (In English).
- 9 Maffly-Kipp J., Truong T.N., Edens J.F., Vess M. (2023) Dark triad traits are associated with a weaker morally-good true self bias in self-perceptions // *Self and Identity*. Vol. 22. (In English).
- 10 Sulak-Güzey S., Akdoğan-Yıldız E., Demir M.C. (2023) Measurement invariance of the dark triad scale. *Curr Psychol*. Vol. 22. URL: <https://doi.org/10.1007/s12144-023-04259-z>. (In English).
- 11 Dill A.T., Triki A., Westin S. (2022) Towards an Understanding of the Dark Triad, Ethical Fading, and Ethicality of Behavior // Karim K.E. (Ed.) *Advances in Accounting Behavioral Research*. *Advances in Accounting Behavioural Research*. Emerald Publishing Limited. Bingley. Vol. 25. P. 1–29. URL: <https://doi.org/10.1108/S1475-148820220000025001>. (In English).
- 12 De Bruin R., Finkelstein L.M. Reactions from the Dark Side: How Does the Dark Tetrad Affect Responses to Daily Abusive Supervision Today and Tomorrow? // *The Journal of Psychology*. 2023. (In English).
- 13 Furnham A., Richards S., Paulhus D. (2013) The Dark Triad: A 10 year review // *Social and Personality Psychology Compass*. Vol. 7. No. 3. P. 199–215. (In English).
- 14 Zeigler-Hill V., Marcus D.K. (2016). *The Dark Side of Personality: Science and Practice in Social, Personality, and Clinical Psychology*. Washington DC. APA. 389 p. (In English).
- 15 Aluja A., Martí-Guiu M., Blanco E., Blanch A. (2016) Dimensional assessment of normal and abnormal personality in adults of the general population: Comparison of «five» and «alternative five» personality models // *Personality and Individual Differences*. Vol. 89. P. 6–12. (In English).

А.Р. ЕРМЕНТАЕВА,*¹

д.пс.н., профессор.

*e-mail: a.ermontayeva@turan-edu.kz

ORCID ID 0000-0002-6860-384X

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРЕДИКТОРЫ АСУБЪЕКТНОСТИ

Аннотация

В статье на основе психологии субъектности проблема асубъектности рассматривается в контексте метасистемного подхода. В связи с этим взаимосвязанные и специфичные психологические детерминанты, факторы и интерпретативное содержание как отдельные подсистемы объясняют феномен асубъектности. В результате теоретического анализа показано, что понятия субъектности и асубъектности представляют собой интегрированную структуру личности. Также определена их полярная природа. Основные негативные черты личности обозначены как возможности исследования асубъектности. Неклинические негативные черты личности, их многогранность в феноменологии асубъектности раскрывают негативные влияния не только на других людей, но и на собственную жизнь, деятельность и сферы общения человека. Все психологические предикторы асубъектности описываются обобщенными диспозиционными качествами личности. Согласно теоретическому анализу, делается вывод, что все симптомокомплексы асубъектности взаимосвязаны и ее ядром являются нечестность личности и склонность к крайнему цинизму. Утверждается, что только в рамках психологии субъектности разрешаются социально-психологические проблемы асубъектности. Сформулированы выводы теоретического исследования и указаны перспективы дальнейших исследований в этой области. Концептуализация психологических предикторов асубъектности является теоретико-методологической основой профилактики и коррекции клинических психических расстройств личности.

Ключевые слова: асубъектность, субъект, субъектность, личность, темные черты личности, личностная диспозиция.

A.R. YERMENTAYEVA,*¹

Doctor of Psychological Sciences, Professor.

*e-mail: a.ermontayeva@turan-edu.kz

ORCID ID 0000-0002-6860-384X

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL PREDICTORS OF ASUBJECTIVITY

Abstract

Based on the psychology of subjectivity, the article considers the problem of asubjectivity in the context of the metasystem approach. In this regard, interrelated and specific psychological determinants, factors and interpretive content as separate subsystems explain the phenomenon of asubjectivity. As a result of theoretical analysis, it is shown that the concepts of subjectivity and asubjectivity represent an integrated personality structure. Their polar nature is also defined. The main negative personality traits are labelled as opportunities for the study of asubjectivity. Non-clinical negative personality traits, their multiplicity in the phenomenology of asubjectivity reveal negative influences not only on other people, but also on a person's own life, activity and spheres of communication. All psychological predictors of asubjectivity are described by generalised dispositional qualities of personality. According to the theoretical analysis, it is concluded that all symptom-complexes of asubjectivity are interrelated; and its core is personality dishonesty and tendency to extreme cynicism. It is argued that only within the framework of the psychology of subjectivity are the socio-psychological problems of asubjectivity resolved. The conclusions of the theoretical study are formulated and prospects for further research in this area are indicated. Conceptualisation of psychological predictors of asubjectivity is a theoretical and methodological basis for prevention and correction of clinical mental disorders of personality.

Key words: asubjectivity, subject, subjectivity, personality, dark personality traits, personality disposition.

МРНТИ 15.81.61
УДК 159.9
JEL Z00

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2023-1-3-15-20>

Я.А. АНДРИЯНОВ,*¹

магистрант.

*e-mail: tsonam574@gmail.com

ORCID ID: 0009-0008-1013-5132

Е.Б. ДУПЛЯКИН,¹

к.м.н., профессор.

e-mail: e.duplyakin@uran-edu.kz

ORCID ID: 0009-0005-8417-1978

Л.Н. РОГАЛЕВА,²

к.пс.н., доцент.

e-mail: l.n.rogaleva@urfu.ru

ORCID ID: 0000-0002-6870-9409

¹Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

²Уральский федеральный университет
имени Б.Н. Ельцина, г. Екатеринбург, Россия

ВЗАИМОСВЯЗЬ МЕЖДУ ПСИХОЛОГИЧЕСКИМИ ОСОБЕННОСТЯМИ И ДЛИТЕЛЬНЫМИ ПУТЕШЕСТВИЯМИ

Аннотация

